



Тұрар Рысқұлов аудандық газеті

Жұлдан Танғы

№24
(7298)
Сейсенбі,
28 наурыз,
2017 жыл

Газет 1940 жылдың
мамыр айынан бастап шығады.

Газета района Турара Рыскулова

Оғни Күлдәндә



ЖАҢҒЫРТУ 3.0

Бәсекеге қабілеттілік – басты қажеттілік

Елбасы биылғы Жолдауында «Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет» деген болатын. Өте дұрыс айтылған, бүгінде жәй ғана өмір сүру емес, заман талабына сәйкес болуымыз үшін қабілетті болуымыз шарт. Өзіміздің біліктілігімізбен қоғамның дамуына өз әсерімізді тигізіміз қажет. 1997 жылы «Қазақстан – 2030» Стратегиясы қабылданған болатын. Ол кезде стратегияның даму жолдары қол жетпестей көрінген еді. Жылдар

жасалып, бүгінде жоғары нәтижелерге жетсе, биылғы Жолдауында Елбасы қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажеттілігін ай-

қындап отыр. Кәсіпкерлікті дамыту, шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай кем дегенде 50% болуын қамтамасыз ету. Қазақстан азаматтары өз бизнесін жүргізу үшін ауылда да, қалада да 16 миллион теңгеге дейін шағын несие алуға Үкімет пен әкімдерге биылғы 1 шілдеге дейін бизнесті қайта реттеу жөніндегі жүйелі шаралар әзірлеу міндеті жүктелді. Елбасы Жолдауы әрқашан еліміз үшін маңызды мәселелерді қамтып келеді. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдаудың елдің әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жаңа биіктерге бас-

Жолдау мазмұнын түсіндірді

Наурыз мерекесі қарсаңында Елбасы Жолдауындағы әділет органдарына жүктелген пакты тапсырмаларды кеңінен түсіндіру мақсатында облыстық Әділет департаментінің бас-

танбеков, кәсіпорын басшысы Қайрат Терлікбаев, аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Рысбек Қабылбеков, сондай-ақ, аудандық жер қатынастары бөлімінің, көші-қон полициясының өкілдерімен қоса жеке сот орындаушылар, қорғаушылар қатысты. Кездесу

асыру саласындағы функциялары яғни, құқықтық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды ұйымдастырудағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, заңды тұлғаларды тіркеу, атқарушылық іс жүргізуді қам-



шысы Асхат Оразхан бастап, республикалық «Қазақстан заңгерлер одағы» қоғамдық бірлестігі Жамбыл облыстық филиалының хатшысы Гүл-





ҚазҰУ – жетістіктер мекені

«Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауынан.

Ел болашағы – жастар. Болашағымыз сенімді болу үшін жастардың білім деңгейі бәсекеге қабілетті болу шарт. Елімізде кадрлардың отанына айналған, ғасырлық тарихы бар, білімнің қара шаңырағы болып атанған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті өзінің білімгерлеріне бәсекеге қабілетті білім ұсынауда.

«Great Value Colleges» халықаралық ұйымның зерттеу нәтижесінде университет әлемдегі ең технологиялық дамыған 50 университеттердің ішінде 31 орын алып отыр. ТМД елдері, Шығыс және Орта Еуропа елдері ішінде ҚазҰУ рейтингте жалғыз тізімге енген, сондай-ақ Сингапур мен Япониямен қатар Азия континентінің бетке ұстары болып отыр. ҚазҰУ ғылымдарының жетістіктері өндірістерге енгізіліп, ғылыми жұмыстары жоғары рейтингті басылымдарда, «Scopus» және «Thomson Reuters» мәліметтер базасында енген басылымдарда жарияланады. ҚазҰУ «Thomson Reuters» агенттігінен

«Ғылым саласындағы көрнекті жетістігі үшін» дипломын алған еліміздегі бірден-бір университеті. ҚазҰУ АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Германия, Франция, Финляндиямен, Жапониямен және де басқа шет елдік серіктестермен бірігіп, ЮНЕСКО-мен, САҚҰ, әлемдік банкпен қаржыландырылатын 56 ірі халықаралық ғылыми жобалар жасап отыр.

ҚазҰУ түлектеріне келетін болсақ, Қазақстан халық жазушылары Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбайұлы, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин, ҚР-ның Жапониядағы елшілігінің кеңесшісі Құрмансейіт Батырхан, ҚР Төтенше және өкілетті елшісі Арын Берік, 100 патент пен 400 ғылыми жұмыстардың авторы, техника ғылымдарының докторы Жарменов Абдурасул, 450 ғылыми еңбектердің авторы, экономика ғылымдарының докторы Сатыбалдин Сағындық. Бұл тізімді жалғастыра беретін болсақ үлкен ауқымды тізім болар еді, сондықтан қысқа қайырып, университеттің келесі кереметтеріне көшейік.

ҚазҰУ қала ішіндегі қала

болып аталуының өз себептері бар. Қалашықтың ішінде оқу ғимараттары, жатақханалар, Орта Азиядағы университеттердің ішіндегі ең үлкен кітапхана, студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет». Мұнда корейлік алдыңғы қатарлы технологиялармен жабдықталған ҚазҰУ студенттеріне арналған медициналық орталық, кішігірім супермаркет және де студентке қажет барлық қызмет көрсету түрлері бар. Сонымен қатар, қалашық ішінде спорт комплексі, Олимпиада чемпионы Баландин атындағы бассейн де салынған.

Ел ертені – білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттау жолында Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-деңгейде болады» деп атап көрсеткен.

Г.Акимбаева, «Есен және аудит» кафедрасының аға оқытушысы.

А.Өтебай, «Есен және аудит» кафедрасының 4 курс студенті.

МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНЕ КЕЛІҢІЗ!

ЕГЕР ДЕ СІЗ ЕРЖҮРЕК МІНЕЗДІ, БОЛАТТАЙ ҚАЙРАТТЫ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫҢЫЗ ҮШІН МАҚТАНЫШ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, ОНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛИТАЛЫ АРНАУЛЫ БӨЛІМШЕСІНДЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ СІЗДІ КҮТІП ТҮР.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жатағын, ҚР Президентінің Күзет қызметі мен Республикалық ұланның функцияларын атқаратын және ҚР

ті, бұл:

- Астана мен Алматы қалаларында элиталы арнаулы бөлімшеде әскери қызмет өткеру;

- мерзімді қызмет аяқталғаннан кейін ҚР МКК-де келісім-шарт бойынша әскери қызметші немесе қызметкер болып

бойынша орналасқан ҚР МКК Кадрлар департаментіне хабарласуға болады. Телефон: 8 (7172) 748-551, 748-550, 748-619.

Мерзімді әскери қызметке түсу кезінде әскерге шақырылатындарға қойылатын талаптар:

28 наурыз, 2017 жыл

Құттықтау

Наурыз айының 28 күні Құлан ауылының тұрғыны, отбасының ұйытқысы болып отырған асыл жар, ұлдарының тәртіпті де тәрбиелі болып жетілуіне себепкер болған ардақты ана, немерелеріне әрқашан өсиет сөзін айтудан таубайтын өнегелі әже **Бакыткүл Мықтыбайқызы НҮР-ТАЕВА** еңселі 58 жасқа толып, мәртебелі зейнетке шығып отыр. Ол 20 жылдан астам уақыт медицина саласында үздіксіз еңбек етіп, кейіннен кәсіпкерліктің де кең өрісіне терең бойлап, ылғи қызу еңбектің бел ортасында жүрген жан. Еңбеккерлік – оның өмірдегі басты ұстанымдарының бірі. Сондықтан да болар, осы қасиет оны отбасына сыйлы, ұжымға қадірлі етті.



Нүсіповтар әулеті осынау мерейлі де мерекелі күннің несі Бакыткүл Мықтыбайқызына зор денсаулық, баянды бақыт, берекелі өмір тілейміз. Алла Тағала зейнетіңіздің бейнетін көруге жазсын. Қылаудай көңіліңізге ешқашан сызат түспесін. Немерелеріңіздің қызығы мен шыжығына кенеліп, ортамызда аман-есен жүріңіз.

*Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуаныңа қанша бөленгенін.
Жүзге келіп марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенін.*



Құттықтаушылар: жұбайы Қалмахан, ұлдары: Арман, Алмаз, Аслан, келіні Анар, немерелері: Әділет және Әзірет.

Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі №55 а үйде орналасқан “Нұрхат Нұрзат” ЖШС-нің “Мөлдір” балабақшасының ашылуына байланысты, 2017 жылдың 24 наурызынан бастап “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясы” КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша “Халыққа қызмет көрсету орталығы” департаментінің Т.Рысқұлов аудандық бөліміне барып, “Мөлдір” балабақшасына кезекке тіркелулеріңізге болатындығын хабарлаймыз. Сонымен қатар, балабақшадан балабақшаға ауысу тәртібімен аудандық білім бөліміне отініш жазып, кезекке тұруға болатындығын ескертеміз.

Ескерту: “Нұрхат Нұрзат” ЖШС-нің “Мөлдір” балабақшасына 3-5 жас аралығындағы балалар қабылданады.

Аудан әкімдігінің білім бөлімі.

Құлан ауылы, Сыпатай көшесінде (пожарныйдың сол жағында) 10 соттық екі жер телімі сатылады. Бағасы келісім бойынша.

Тел: 8-778-113-46-28.